

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 31-11 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 сәуірде № 2617 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 52-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 30.12.2019 № 52-5 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, Т.Рысқұлов аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек берілсін.

2. Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы " Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" № 9-7 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1876 болып тіркелген, 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 7 (6837) "Құлан таңы. Оғни Кулана" газетінде жарияланған) және "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" Т.Рысқұлов аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 9-7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Т.Рысқұлов

аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 20 қарашадағы № 28-14 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2422 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 қаңтардағы № 1 (7045) "Құлан таңы. Огни Кулана" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, қаржы, бюджет және өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
К. Арыстанбеков*

*Аудандық мәслихат
хатшысы
Б. Шамаев*